



## Радиоактивті сәулелену көздерінің импорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 8 ақпан N 101

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы

е т е д і :

1. "Ведепсер" химия комбинатының құрылыш салу және монтаждау жөніндегі акционерлік қоғамына Венгер Республикасынан Қазақстан Республикасына "Тенішевройл" жауапкершілігі шектеулі әріптестігімен 1996 жылғы 22 тамыздағы N ОМ-130 келісім-шартқа сәйкес Теніз мұнай-газ кешенінде дәнекерлеу жіктерінің сапасына бақылау жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін он радиоактивті сәулелену көздерін:

белсенділігі 4,44 ТБк Ir-192 (екеу)

белсенділігі 2,22 ТБк Ir-192 (сегіз) (СЭК ТН коды-2844 40 000) әкелуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК